

□ Тақырыбы: **Тұлғаның іс-әрекеті мен қарым-қатынасы**

□ Орындаған: Нұрмахамбетұлы Нұрдаулет

- Тұлға түсінігіне байланысты біз ең алдымен адамның әлеуметтік мәнді сапалары жүйесіне назар аударамыз. Қоғаммен байланыста ғана адам қалыптасады және оның әлеуметтік мәні көрінеді.



- Тұлғаның қарым-қатынас (коммуникативті) мүмкіндігі - оның басқа адамдармен жасаған, орнықтырған әңгіме сұхбатқа түсу, байланыс түзу әрекеттерінің сипаты және беріктілігі. Өз мазмұны бойынша тұлғааралық тілдесу, ортақтасу әлеуметтік рөлдер жүйесінде байқалады.



Қабілет іс-әрекет талаптарына орай бастау алады әрі сол нақты іс- әрекетте қалыптасады.

- Қабілет іс-әрекетке қосылмаған күннің өзінде, тұлға бойында оның іске асар мүмкіндігі ретінде сақталады. Қорытындылап айтсақ, қабілет – тұлғаның қандай да нақты іс-әрекет, қызметке жарамдылығын танытушы күрделі әрі бірігімді психикалық ерекшеліктер жиынтығы.

Тұлғааралық қатынастар – бұл адамдар арасындағы объектив пайымдалатын, әрқилы дәрежеде түсіністікпен бағаланатын өзара байланыстар

Мұндай қатынастар негізінде өзара байланысқан адамдардың эмоциялық қалпы мен психологиялық ерекшеліктері жатыр. Іскерлік қатынастардан ажырату үшін мұндай байланыстарды экспрессиялы, эмоциялы деп те атау қабылданған.


Тұлғааралық қатынастардың дамуы жыныстық, жас, ұлттық және басқа да жағдаяттарға тәуелді.



Тұлғааралық қатынастардың ең жаю үдерісі, аралық байланыстар динамикасын, реттеу механизмдері мен олардың даму шарттарын қамтиды.



Тұлғааралық қатынастар дамуының қозғалысты көрінісі: олардың туындауы, бекуі, кемелденуі, кейін бұл үдеріс біртіндеп әлсірей бастайды.



Адамдардың өзара ықпалдастық байланыстарында тұлғаның бағалау жүйесі ғана көрініп қоймай, олардың ақыл-ес (интеллект) типі де ашылады.

Мысалға, эмпирикалық тип тұрмыстағы күнделікті күйбең, майда-шүйдеден әрі аса алмайды, құбылыстар арасындағы жүйелілікті, 98 көптараптылық пен олардың элементтері арасындағы динамиканы аңдай бермейді. Басқа адамдардың әрекет-қылықтарының астарындағы себептерді қарапайымдастыруға бейім. Ал абстрактты тип жалқылықтан гөрі жалпылық қорытынды жасап, заттар аймағынан шығып, дерексіздік деңгейде ой топшылауға қабілетті келеді.

Әр тұлға басқа адамдарды бағалаудың өзіндік өлшеміне ие. Екінші адамды тани отырып, тек өкілі онымен қатынас жасаудың жол-жобасын түзеді, күні ілгері оның мінез-құлығына сәйкестене әрекет жасаудың жолдарын қарастырады. Сонымен бірге, өз әрекетінің әріптесі тұрғысынан қалай қабылданатынын пайымдайды. Осыдан адамда әлеуметтік рефлексия құбылысы пайда болады. Адамдардың бәрі өз бейнесінің араласқан адамдары көңілінде ұнамды кейіппен орныққанын қалайды, өз қадір-қасиетінің беделінің жоғарыдан көрінгенін армандайды.

□ Назарларыңызға рахмет!!